«Темирлан» жекеменшік шағын орталығы

**Тақырыбы: «Сиқырлы сандар»**




«Жұлдызша» ересек тобы

Тәрбиеші: Ешпанова А

**2025-2026ж**

«Бекітемін»

«Темирлан» жекеменшік шағын

орталығының директоры

_____________ Есиркепова Т.Б

## «Сиқырлы сандар»

**Мақсаты:** Балалардың сандар және пішіндер жайлы түсініктерін бекіту. Кеңістікті бағдарлауды жетілдіру, ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың бойында мейірімділік, достық сезімдерін тәрбиелеу.

**Көрнекілік құралы:** сандар, пішіндер, суреттер, тапсырмалар.

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдас-<br>тыру кезеңі**<br><br>**Негізгі бөлім**<br><br>**1 - аялдама** | Шаттық шеңбері<br><br>- Балалар, бүгінгі сабағымызда біз **«Сиқырлы сандар еліне»** саяхатқа шығамыз. Ол үшін бәріміз автобусқа мінеміз. Әр аялдамада тоқтап тапсырмаларды орындауымыз керек.<br><br>**«Батырлар» аялдамасы**<br><br>- Балалар, батырлар аялдамасының мынадай тапсырмасы бар.<br><br>**1 – Тапсырма:** | Қонақтармен<br>амандасу.<br><br>***Айдана:*** Менде 3 саны - мен 3 қызанақ тердім.<br><br>***Санжар:*** Менде 5 саны – мен 5 алмұрт жинадым<br><br>***Гүлсина:*** Менде 4 саны – мен 4 қияр тердім |

| | | |
|---|---|---|
| **2 - аялдама** | Санға сәйкес жеміс-көкөністерді теріп алыңдар<br><br>- Айтып беріңдер, қандай сан және неше жеміс тердіңдер.<br><br>- Жарайсыңдар, балалар, саяхатымызды жалғастырайық.<br><br>**«Түрлі-түсті пішіндер» аялдамасы**<br><br>- Балалар, қараңдаршы мына жерде нелерді көріп тұрсыңдар. Мұнда топшаларға бөлініп тапсырмаларымызды орындайық.<br><br>- Енді тапсырмаларды орындайық.<br><br><br><br>**2 – Тапсырма**<br><br>**1-топ:** Берілген суретті пішіндерден жасау<br><br>**2-топ:** Пішіндерді орнына қойып, суретті безендіру<br><br>**3-топ:** Киімді жамау (кесілген жерге пішіндерді қою)<br><br>**4-топ:** Зәулімдерді құрастыру | - Мына жерде пішіндер көп<br><br>Мен паровоз жасадым, онда төртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелектер бар<br><br>Мен кілемшені пішіндермен безендірдім: дөңгелек, ...<br><br>Мен киімді мынадай пішіндермен жамадым: дөңгелек, ...<br><br>Біз үлкен зәулім үй жасадық,мынадай пішін-дерден құрастырдық: үшбұрыш, ...<br><br>**Амиржан:**<br><br>Біздің үйде бір тауық,<br><br>Бір жұмыртқа жүр тауып.<br><br>Бір сиыр бар қорада,<br><br>Бәтіш тәтем жүр сауып.<br><br>**Тамырлан:**<br><br>Екі аяқпен жүремін,<br><br>Екі көзбен көремін.<br><br>Екі қолым бар менің,<br><br>Екеу құлақ, білемін. |

| | | |
|---|---|---|
| 3 - аялдама<br><br>Сергіту сәті<br><br>Санамақтар | - Жарайсыңдар, балалар, саяхатымызды жалғастырайық.<br><br>**«Демалу орталығы» аялдамасы**<br>- Мына аялдамада демалып алайық.<br>**Сергіту сәті**<br><br>• Балалар демалып алдық, енді санамақтарды да айтып кетейік<br><br> | **Аяна:**<br>Үйімде бар үш қалам,<br>Үшеуін де ұштағам.<br>Үш досымды салдым мен,<br>Үш балыққа ұқсаған.<br>**Сабина:**<br>Төрт дөңгелек арбада,<br>Төрт аяқ бар малда да...<br>Тауыса алмай бидайды,<br>Төрт тышқан жүр қамбада.<br>**Гулсина:**<br>«Бестік» деген бағаны,<br>Бақыт күнде алады.<br>Бәрі жақсы көреді,<br>«Беске» оқыған баланы.<br><br>Балалардың жауаптарын талдау (әр топтың) |
| 4 – аялдама | **«Сандар» аялдамасы**<br>- Балалар сандарды біз жақсы білеміз, сондықтан тапсырмаларды орындауымыз керек.<br>**1-топ:** Сандарды тура және кері ретімен қою.<br>**2-топ:** Санға сәкес заттарды жина<br>**3-топ**: қолғаптың сыңарын тап.<br>**4-топ**: санның жанына заттарды қой<br>**5-топ:** Реттік сандар бойынша санату, тура-кері санау | |
| 5 – аялдама | **Қорытынды бөлім:**<br>**Кубик тастап сандарға мысалдар айту** | |